



010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 14
www.115.kz
тел: 8 (7172) 71-28-68 факс: 8 (7172) 30 18 65

010000, город Астана, пр.Мәңгілік ел,14
www.115.kz
тел: 8 (7172) 71-28-68 факс: 8 (7172) 30 18 65

15.02.2018 № 2-010317-18-11013

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2018 жылғы 17 қаңтардағы
№ДЗ-11 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Бірінші мәселе бойынша – ірі жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық қамту бойынша келісімшарттық міндеттемелерін бұзғаны үшін заңда көзделген әрекеттердің орнына «балама» деп аталатын шараларды қолданудың заңдылығы.

2016 жылы Бас прокуратурамен Инвестициялар және даму министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) қызметінде жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың сақталуына тексеру жүргізілді.

Тексеру нәтижелері бойынша Министрлікке тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамту бойынша келісімшарттық талаптарды бұзушылықтарды жою қажеттілігі көрсетілді.

Министрліктің мәліметтері бойынша «балама» шаралар «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 128-бабына сүйене отырып, өндірістің ішінара немесе толық тоқтатылуына, бюджетке салықтық түсімдердің азайтылуына және кәсіпорындар жұмыскерлерін қысқартуға жол бермеу мақсатында қолданылған.

Екінші және үшінші мәселелер бойынша – құзыретті органның функцияларын жер қойнауы туралы заңнамаға қатаң сәйкестікте орындауын және жер қойнауын пайдалануға арналған барлық келісімшарттарға тексеріс жүргізілуін қамтамасыз ету.

Бұл шаралар жоғарыда аталған тексеру шеңберінде де қабылданған болатын.

Атап айтқанда, Министрліктің қызметін тексерумен бірқатар кемшіліктер анықталды, дәлірек айтқанда:

- жер қойнауын пайдаланушылармен 421 келісімшарттың (37%) 157 бойынша **377,5 млрд. теңге** сомасындағы қаржылық міндеттемелер орындалмаған (Заңның 76-бабы);

- таукен-өндіруші компаниялармен жалпы сомасы **114 млрд. теңгеге** тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сатып алудың белгіленген тәртібі сақталмаған;

- 157 келісімшарт бойынша міндеттемелерді бұзу бойынша шаралар қабылданбаған. Министрліктің келісімшарттық талаптарды бұзушылықтарды жою туралы 209 хабарламасы бойынша талаптар орындалмаған;

- Заңның талаптарына (61-бап) қарамастан, Министрлік 14 келісімшарттағы міндеттемелерді орындамағаны үшін айыппұл санкцияларын енгізу бойынша жұмыс жүргізбеген;

- Министрліктің келісімшарттардың мерзімдері аяқталғаны туралы жер қойнауын пайдаланушыларға уақтылы хабарламауы және оларды бұзу бойынша шаралар қабылдамауы 15 компанияның жер қойнауын пайдалану бойынша заңсыз операциялар жүргізуіне ықпал еткен.

Премьер-Министрдің атына жолданған 2016 жылғы 13 желтоқсандағы заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныстың негізінде Министрлікпен Кемшіліктерді жою бойынша жоспар жасалды.

Бұдан бөлек, Министрліктің бірқатар лауазымды тұлғалары тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

Төртінші мәселе бойынша – сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу кезінде заңсыз жеке пайда алумен байланысты ірі жер қойнауын пайдаланушылардың лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне жауаптылықты тарату.

Шындығында, бұл мәселе назар аударуға тұрарлық.

Осыған байланысты Бас прокуратура осыған қажетті шараларды талқылауға қатысуға дайындығын білдіреді.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
орынбасары

А. Лукин



010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 14
www.115.kz
тел: 8 (7172) 71-28-68 факс: 8 (7172) 30 18 65

010000, город Астана, пр.Мәңгілік ел,14
www.115.kz
тел: 8 (7172) 71-28-68 факс: 8 (7172) 30 18 65

15.02.2018 № 2-010317-18-11013

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)

на депутатский запрос
№ДЗ-11 от 17 января 2018 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш депутатский запрос, сообщаю следующее.

По первому вопросу - законность применения так называемых «альтернативных» мер вместо предусмотренных законом действий за нарушения крупными недропользователями контрактных обязательств по казахстанскому содержанию.

В 2016 году Генеральной прокуратурой проведена проверка соблюдения законодательства о недрах и недропользовании в деятельности Министерства по инвестициям и развитию (далее - Министерство).

По результатам проверки Министерству указывалось на необходимость устранения нарушений контрактных условий по местному содержанию при закупках товаров, работ и услуг.

По сведениям Министерства «альтернативные» меры применялись, исходя из статьи 128 Закона «О недрах и недропользовании» (далее - Закон), в целях недопущения частичной или полной остановки производств, снижения налоговых поступлений в бюджет и сокращения работников предприятий.

По второму и третьему вопросам – обеспечение исполнения функций компетентного органа в строгом соответствии с законодательством о недрах и проведения ревизии всех контрактов на недропользование.

Эти меры также были приняты в рамках вышеуказанной проверки.

Так, проверкой деятельности Министерства выявлен ряд недостатков, а именно:

- недропользователями по 157 из 421 контракта (37%) не исполнены финансовые обязательства (статья 76 Закона) на сумму **377,5 млрд. тенге**;
- горнодобывающими компаниями не соблюден установленный порядок приобретения товаров, работ и услуг на общую сумму **114 млрд. тенге**;

- не приняты меры по нарушениям обязательств по 157 контрактам. Не исполнены требования по 209 уведомлениям Министерства об устранении нарушений контрактных условий;

- несмотря на требования Закона (статья 61), Министерством не проведена работа по включению штрафных санкций за неисполнение контрактных обязательств в 14 контрактов;

- несвоевременное уведомление Министерством недропользователей об истечении сроков контрактов и непринятие мер по их расторжению способствовали незаконному совершению 15 компаниями операций по недропользованию.

На основании представления об устранении нарушений законности от 13 декабря 2016 года, адресованного Премьер-Министру, Министерством составлен План по устранению недостатков.

Более того, ряд должностных лиц Министерства привлечен к дисциплинарной ответственности.

По четвертому вопросу - распространить антикоррупционные меры и ответственность на действия должностных лиц крупных недропользователей, связанные с извлечением незаконной личной выгоды при проведении закупок товаров, работ и услуг.

В действительности, данный вопрос заслуживает внимания.

В этой связи Генеральная прокуратура выражает готовность принять участие в обсуждении необходимых для этого мер.

**Заместитель
Генерального Прокурора
Республики Казахстан**

А. Лукин